

# Ахмет Байтұрсынұлы шығармаларындағы әлеуметтік мәселелер



**Қазақ халқында XIX ғасырдың екінші жартысында ерекше ағым ретінде қалыптасқан «ағартушылық» жолдың әсерімен XX ғасырдың басында осы дәстүрді жалғастырған зиялышы қауымның екінші бір толқыны шықты. Ал, ол кез қазақ халқы үшін әлеуметтік-экономикалық және саяси жағынан ауыр, қоғамның түсініксіз жақтары көбейген, соған жауап іздеген сындарлы да қызын кезең болды. Оның негізгі ауыртпалығы сол кездегі санаулыға ғана үлттық зиялышы қауымның мойына түсті. Үлттың үлт болып қалуы таразыға түскен тұста олардың ғылымның барлық салаларымен шұғылдануына тұра келді. Олай болмасқа уақытта болмады. Себебі заман лебіне икемделу үшін, еркениетті қоғам құру үшін үлттың тығырықтан алып шығу керек болды.**

Солардың бірі, ері бірегейі, Торғай жерінің тұмасы, ыбырай мектебінің түлегі Ахмет Байтұрсынұлы болатын.

Үлт жанаңшыры болған Ахмет Байтұрсынұлының бүкіл санаудың гүмірында айналысқан

өз замандасы Міржакып Дулатұлы болатын. Мұндай баға тегіннен-тегін берілмесе керек. Ахмет Байтұрсынұлының өз халқын қалып үйқыдан оятудағы талпынысын онын «Қырық мысалы» мен «Маса» жинақтарында енген өлөндерінен байқауға болады. Сол кездеңі қазақ қоғамына әбден сіңген жағымпаздық, еріншектік, жалқаулық, мансапқорлық сиықтасынан келенсіз жақтарды сынау арқылы халық көзін ашу, маса сияқты қайта-қайта ызындалап, мазасын қашыру арқылы ояту жолы болды. Бұл оның ыбырай бастиған ағартушылық ағымның жалғастыруышы екінші болғандығын дәлелдейді.

«Жиган-терген» деген өлеңінен акынның осы ойларын анық байқауға болады:

Қазағым, елім,  
Қайқайып белің,  
Сынуга тұр таянып.  
Талауда малың,  
Камауда жаның,  
Аш көзінді, оянып.  
Қанған жоқ па елі үйқың,  
Үйіктастырың бар не сиқың?!

Будан біз қазақтың үлттық саяси сана-сезімін оятуға талапынан ағартушының жанайқайының байқаймыз.

Ақын өз халқының сана-сезімін оятып қана қоймай, оның бірден-бір жолы оку, білім алу екендігін айтып, соған жөн сілтейді. Оның күн сайынды жаналықтардан құр қалып, өркениеттің көшіне ілесу бүрінші отарлы аймақтың халқына ауыр болатын түсініген ағартушы:

Жөн көрсеттім қазақ деген на-мынса

ның жазылғанына жұз жыл болып отыр. Қазіргі қазақ қоғамындағы той өткізу «ережесінен», «тәртібінен» қандай айырмашылығы бар? Шындығына келер болсақ, қазақтың қазіргі тойы «...Не жүртқа келер онан пайда жоқ, не ас бедушіге тиер сауап жоқ, күр далага кеткен бір мал...». Сондықтан «...білім бейтесінен пайда болмаса, шығын болмайтындығын» қазіргі қазақ жастары өздерінің әмірлік ұстанымына айналдырса, куба-куп болар еді.

«Ұстазы мықты шәкірттің ұстамы нықты» демекші, ұстаз алдында отырған оқушының балашақ қандай кісі болатыны алдымен оқытушысына байланысты. Жақсы ұстазға елікпейтін, оған үсқауға тырыслайтын шәкірт жоқ. Бұл жердегі басты мәселе - ұстаздың өзінің ойын, білімін шәкірттіне жеткізе болу. Осы тұрдыдан алып қарағанда, маған Ахмет Байтұрсынұлының мына бір пікірі қазіргі біздің еліміздегі білім жүйесінде қалыптасқан келенсіз құбылысты аңғартқандай болады. «Оқытта білдемейтін мұғалімдер оку жұмысының салмағын балаларға ғана артып, ози: «Әй, оқыңдар!» - деп, тыныш отырады. Ондай оку мұғалімге тыныш екені рас, бірақ оқудағы мақсатты нәрсе мұғалімнің тыныштығы емес, балалардың білім үйренуіті...». Эріне, мұндай мұғалімнен білімнің де, тәрбиенің де нашар өрбіттің түсінікті, тілті, көрсінше, ол берген тәрбие мен білімнің қауіпті болуы да мүмкін.

Ахмет Байтұрсынұлы өзі әмір сурғен заманның күесі бола отырып, рухани жеңе материалдық

шүш мәселеңес болды. Салық оның, оқу-агарту және жер мәселесі. Бұл мәселелердің шешімдеуінің түп негізін Ахмет Байтұрсынұлы қазақ халқының арасында оқу-агарту жүйесінің болмауымен түсіндіреді. Тіпті бұл мәселе Ахмет Байтұрсынұлының бүкіл гүмірында жас кезінен бастап оле-өлгөнше күн тәртібінен түспеген тақырыпқа айналды десе де болады. Агартушының еңбектерін саралай келе: «Революциядан бұрын жазған еңбектерінің басым көшілігінің негізгі идеясы агартушылық, демократтық, прогрессік биік нысана, олар біздің азаматтық, рухани дамуымыздың маңызды, мәнді кезеңдер шындығын аптауды, бірқындыру ойлар, пікірлер дегендегі қазіргі қызымет ететінің көрүге болады», - деп академик-ғалым Рымғали Нұргали кезінде өз бағасын берген болатын.

Автордың «Қазақ өкпесі» мақаласында тарихи мәселелерге объективті, ғылыми түргыдан қарайтындығы көрінеді. Қазақ хандығы неліктен құлады, өз алдына дербес мемлекет болып тұра алмаудың себебі, Ресейге қосылудың негізгі жағдайлары деген мәселелердің жауабы айтылады. «Олжалы жерден үлестен қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз – бәрі нағандық кесапаты», - дей келіп, ел мен елді, үлт пен үлтты, халық пен халықты төңестіреп төк фанағылым, білім, өнер екенін айттып, өз халқын окуға, өнерге, білім алуға шақырады. Ахметтің бұл айтқан пікірі қазіргі қүнге дейін қазақ қоғамында қекеитстік мәселе екендігіне дау жоқ. Жалаң білім емес, нақты білім, өзінді ерге алып шығатын толықжанды білім алушылардың қазақ жастарының арасындағы ең курделі өзекті мәселе деп айттар едім.

Кезінде Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығы туралы жазып оған «халықтың ақыны», «ереуілшіл ақын» деп баға берген

ағылса.

«Өзге жүрттар ерге қадам басқанда, -

Дедім, - сен де қатарыңнан қалыста!» -

деп, қазақ халқын озық елдердің қатарында көргісі келетін-дігін армандайды.

«Білекті бірді жыгады, білімді мынды жыгады» деген халық мақалының әрдайым жадында ұстаған Ахмет Байтұрсынұлы: «Бұл заманда қолы жетпегендердің тенізкекі жеткізетін, әлсіздерген күш беретін өнер-білім, сол өнер-білімге мезгілі оттепей түрганда үйрекенес, тұрмысымызды түзетіп, басқалардың аяқ астында жаншылмас едік, біз де өз алдымызға бір жүргіт екендігімізді білдіреп едік», - деп заман лебінен қалмауды халқына ескертеді. Ақынның XX ғасырдың басында айттып кеткен ойлы шілдің алі қүнге дейін қазіргі қазақ қоғамы үшін маңызын жойған жоқ. Себебі бұл мәселеңін қазақ халқы сияқты саны аз үлт үшін жаһандану үрдісінде қекеистілігі артпаса, кемімейтін-дігін көріп отырмыз.

Қазақтың қанында бар ма, әлде бір ғасырдан бері келе жатқан «ауру» ма, сипатты жағынан жақсы ма, әлде жаман ба, әйтеүір алі қүнге дейін, неге екендігін қайдам, қазақтың шашылуы көп-ак. Сол байлықтың орнымен кеткені үлттық дәстүрімізге сай болар еді, бірақ өкінішке орай, қазақтың шашылуы тоқтар емес. Осыдан бір ғасыр бұрын айттып кеткен агартушы-ғалымның ескертпелерін кулаққа ілер түріміз көрінбейді: «Қазақта бай адамдар я куаныш нарсеге той істеп, ат шаптырады, я өлген адамына ас беріп, ат шаптырады. Байлығына қарай, адамдығына қарай ас пен тойдьың улкені де, кішісі де болады. Зорлығы бейтеге тіккен малынан гері шақырған елдерінің санынан, сойылған малынан байқалады». Бұл Ахмет Байтұрсынұлының 1913 жылдың жазған «Білім жарысы» атты мақаласынан үзінді. Мақала-

егінде, адамдар арасындағы олсу-меттік қарым-қатынаска, оның мінезінің өзгеруіне әсер ететінін тілге тиек ете отырып:

«...Аштан өлген аталарап, бар ма еді,

Тамақ үшін сатқан иттер има-нын», - деп,

оларды сыйнайды, кінә таға-ды. Мұндаидай келенсіз, жағымсыз жайттардың қазіргі қазақ қоға-мында, тамақ тоқ, ел тыныш ке-зенде де қүннен күнге оршіп бара жатқандығын жасыруға болмайды.

Нарықтық бәсекелі қоғамның келенсіз жақтарының бірі - адамның адами қасиеттерінің төмендеуі, «адам адамға дос, бауыр» қағидасымен жүретін адамдар санының азаын дер едім. Бір-бірін көре алмауышылқы, құншілдік, араздық, өтірік қолғарыс, арзан созге еру - осындаid жағымсыз қасиеттер қазақ үлттының бойына әзбен сініп кете ме деген қорқыныш үялдайды. Ақын сөзімен айтты болсал:

«Айтқанмен таусыла ма оны-муны,

Талайдың таңдамалы түпкі сыры:

Жанасқан шын көңілмен жақындық, аз-

Кебінің іші салқын, сырты-ақ жылы».

«...Тән көмілер, көмілмес ет-кен ісім...» - деп, халқына қалдыран асылын мұрдалары арқылы урпақ есінде мәнді қалған, «...ел бүгіншіл, менікі өртөнгі үшін...» жасаған ерен еңбегі кезінде белгілі бір се-бептерге байланысты еленбекен, халқына жаны ашып, оған қорған бола билген, ақыры «тілінен» та-пқан Ахмет Байтұрсынұлы «...өз ауылшының иттері үріп қапқаны» салдарынан 1930-шы жылдардағы сүркія саясаттың құрбаны болды.

**Р. АЙМАҒАМБЕТҰЛЫ,**  
**Ы.Алтынсарин атындағы**  
**Арқалық педагогикалық инсти-**  
**туты «Рұхани жаңғыру» жоба-**  
**лық қеңессінің директоры.**